



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№99
(2270)
Сәрсенбі
11 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ XVIII СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Облыстық мәслихаттың XVIII сессиясы өтіп, күн тәртібінде облыстық бюджетті нақтылау бағытындағы 15 мәселе қаралды. Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, алдағы жоспарларға, өткен аптадағы жұмыс сапарының қорытындыларына тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында бүгінде облысымыздың даму қарқыны жоғары.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіш бойынша республикада бірінші орындамыз. Өткен 11 айдың қорытындысымен өнеркәсіп өндірісі 0,8, өңдеу өнеркәсібі 20,6, ауыл шаруашылығы 3, тұрғын үй 15,3, көлік 3,3, сауда 6,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 57,5 пайызға артты. Негізгі капиталға 559 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 20,6 пайызды құрады.

Айта кету қажет, біз аймаққа шетел инвестицияларын, озық технологияларды тарту жұмыстарын белсенді жүргізудеміз. Таяуда ғана өңірдің бизнес өкілдермен бірге Италия, Испания, Түркия елдеріне барып келдік. Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның шетелдегі елшіліктерінің қолдауымен аталған мемлекеттерде өзара тәжірибе алмасулар, маңызды кездесулер өткіздік. Өнеркәсіп қауымдастығының жұмысымен, биохимиялық ерітінділер, медициналық реагенттер, санфаянс пен санитарлық-техникалық бұйымдар, гидрооқшауланған бетон, ауыл, орман шаруашылығына қажет озық датчиктерді шығаратын, тері, жүн өңдейтін өндіріс орындарымен танысып, келіссөздер жүргіздік. Инвестиция тарту жұмыстарын одан әрі жалғастырамыз,» – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, биыл 189 449 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, егін мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күріш 85 600 гектарға егіліп, әр гектардан

58 центнерден өнім алынды. Жарты миллион тонна күріш қамбаға құйылды.

Халықтың әл-ауқатын көтеру, өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асырылды. Нәтижесінде халықты орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі 98,6 пайызға жетті. Биыл 13 жаңа жобаға 5 млрд. 300 млн. теңге бөлінді. Алдағы жылы облыс аумағындағы барлық елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар толық жүзеге асқанда электр желілерінің тозу деңгейі 62 пайызға төмендейді.

Президенттің тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватт жаңа жылу-электр орталығы салынуда. Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 127 млрд. теңгеден астам инвестиция салды. Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдесіз жобалардың бірі. Аймақ үшін айрықша маңызға ие нысан келер жылы ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда облысында құны 800 млрд. теңгені құрайтын, қуаттылығы 1100 МВт-тық бу-газ қондырғыларының құрылысы жоспарлануда. «Самұрық Энерго» компаниясы Катар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техника-экономикалық негіздеме әзірленуде. Жаңа бу-газ қондырғылары Қызылорда қаласынан Ұлытау облысына шығабөріс аумаққа салынады. Бұл жұмыстарға әкімдік 280 гектар жер телімін бөлді. Станцияны 2029 жылы толығымен іске қосу жоспарланған.

ҚАТАР МЕМЛЕКЕТІ ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ГАЗ-ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ҚҰРЫЛЫСЫНА 800 МЛРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛАДЫ

Осы жылдың 6-7 желтоқсанында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатарға іссапармен барып, Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен келіссөздер жүргізді. Екі тарап биылғы ақпан айында қол қойған құжаттардың қатарында «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен «Power International Holding»-тің энергетика және газ саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімдері бар.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының төрағасы Нұрлан Жақыпов Президенттің «Power International Holding» және Nebras Power компанияларының жетекшілерімен өткізген кездесулері туралы айтты.

– PИH «Самұрық Қазына» еншілес компанияларымен бірнеше инвестициялық жобаны жүзеге асыруда. Олардың арасында «QazaqGaz» еншілес компаниясының екі газ құбыры және екі газ өңдеу зауыты бар. Біріншісі – «Ақтөбе-Қостанай» газ құбыры, келесісі – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші тармағы. Екі жобаны 2026 жылы іске қосамыз.

Қуаттылығы 1 млрд текше метр газ өңдеу зауыты да 2026 жылы жұмыс істей бастайды. Екіншісінің қуаттылығы – 2,5 млрд текше метр, ол 2029 жылы пайдалануға беріледі.

Сонымен бірге «Самұрық Энергия» еншілес кәсіпорны мен PИH холдинг Қызылорда облысында қуаттылығы 1,1 ГВ газ-электр станциясын салуда. Бұл жобаны 2029 жылы аяқтаймыз, – деді басқарма төрағасы.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аса ауқымды жобаны өңірге орналастыру мақсатында Қызылорда облысының әкімдігі 280 гектар жер телімін резервке алғанын атап өтті. Оның 100 гектарына газ-электр станциясы салынады, қалған аумақ перспективалық жобаларды жүзеге асыру үшін белгіленген. Жаңа қондырғылар облысты электр энергиясымен толық қамтып, орталық және оңтүстік өңірлерге жіберуге мүмкіндік береді.

– Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен газ-электр станциясының құрылысы 2025 жылдың соңында басталып, 2028 жылдың аяғына қарай қолданысқа беріледі. Құны 800 млрд теңгеге жуықтайды. Бұл – елге пайдасы өте зор, біздің облыстың дамуына жаңа серпін беретін жоба. Салыстырмалы түрде айтсақ, шыны зауытына тартылған инвестиция көлемі 42,1 млрд теңге болса, газ-электр станциясына 800 млрд теңге инвестиция салынады, – деді аймақ басшысы.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

БАЛТАБАЙ ТӘЖІМБЕТОВ ТАЛАНТТЫ АҚЫН ЕДІ

Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінің редакциясында өткен ғасырдың 80-ші жылдары есімі республикаға танымал дарынды ақын, бірнеше жыр жинақтарының авторы, бүгінде марқұм болып кеткен Балтабай Тәжімбетовпен қызметтес болдым. Ақеден мінезді ақын ағамызбен жас айырмасының алшақтығына қарамастан ағалы-інілі дегендей сыйласып, сыпайы қарым-қатынаста болдым. Жалпы Балтекең тумысынан солай ма, әлде ағеден мінезінен бе, үлкен-кішіні бірдей жатырқамай, олардың әрқайсысымен құрдасындай әзілдесіп, етене араласып кететін. Жанына адам үйір. Редакцияда қызмет атқаратын інілері бәріміз үйіріліп, Балтабай ағаның жанынан шықпаймыз. Ол сөзге ұста, тауып та, қауып та айтады. Көмейінен сөзі төгіліп тұрған төке ақын. Оның айтқан әңгімелерін сүйсіне тыңдаймыз.

Дарынды ағамыз жазбаша ақындығымен қоса суырып салатын ұшқыр қалам иесі. Оның нақты мысалы облыстық ақындар айтысында аудан намысын қорғап, елімізге кеңінен танымал айтыс ақыны, халық ақыны атағын иеленген айтулы Манап Көкеновпен үзеңгі қағыстыруы өз алдына бөлек әңгіме. Сан қырлы талант иесінің ауданымыздың өнері мен мәдениетінің дамуына сіңірген еңбегі бір төбе.

Ағамыздың айтуынша ол қазіргі Үрмәш Түктібаев аулында дүниеге келген. Ол жайлы ақын «Тыныштық керек әлемге» атты өлеңінде былайша баяндайды.

Соғыс жылы қаңтар айында туыппын,

Болса керек қақап тұрған суық күн.

Кіндігімді кесіпті де балтамен, Жел бауымен байлай сапты уықтың.

Қар аралас аунатып ап күлдікке,

Ойық-ойық орай сапты түндікке.

Ер бала деп еленбеген мен байғұс,

Шыр-шыр етіп талпыныппын тірлікке.

Түскен кез ғой ел басына бүлік шын,

Нәрестенің хал-жағдайын кім ұқсын.

Десе керек аман қалса азаптан,

Шар болаттай шымыр болсын, шынықсын.

Талғажуы қара көже, қара нан, Майдан үшін жанаталаста бар адам.

Тыныштықта толғатпаған той жасап,

Өксіп-өксіп өкініпті жан анам.

Бүгінгі ұрпақ құлағыңды қой маған,

Жасымда мен қарным шығып тоймаған.

Туған күні тойланбаған тойымды,

Жеңіс күні бір-ақ рет тойлаған.

Болашақ ақын орта мектепті бітірген соң Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, мал дәрігері мамандығын алып, еңбек жолын бастағанымен көп ұзамай

шығармашылық жұмысқа ауысады. Тумысынан өлең жазуға құмар, бойын шабыт кернеген жас жігіт сол кездегі аудандық газеттің редакторы, парасатты азамат, республикаға танылған ойлы ақын Сейіл Боранбаевтың қамқорлығымен аудандық радиохабарларын тарату редакциясының ұйымдастырушы-тілшісі қызметіне жұмысқа қабылданады.

Шабыты шалқылған арынды жас ақын шығармашылық жұмысын ұршықтай үйіріп, кейін облыстық радиохабарларын татрату редакциясына бөлім редакторы қызметіне жоғарылайды. Оның шығармашылығының шырқау биігіне көтерілгеніде осы тұс. Алайда жалғыз анасының жағдайына қарайлап, туған жерге оралып, 1968-1981 жылдары Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаевтың мемориалдық мұражайының директоры болып қызмет атқарды. Осы қызметтен аудандық «Ленин туы» газетінің редакциясына жұмысқа ауысты.

Балтабай Тәжімбетовтың ұшқыр қаламынан балаларға арналған «Әй-әй бала», «Қарлығаш» атты кітабы, «Алты әзілкеш» атты сатиралық кітапқа топтамалары енгізіліп, баспадан жарық көрді. Сонымен қатар, «Қазақ мысалдары», «Тұсау кесер», «Күлеміз бе, қайтеміз» атты өлеңдер мен әңгімелер жинақтарында топтамалары жарияланған. Бірнеше әзіл-қалжыңдары қазақ телевизиясының «Тамаш» ойын-сауық отауының репертуарынан тұрақты орын алған. Оның пьесалары облыстық шығармашылық байқауында бірнеше рет жүлделі орындарды иеленген. «Алақапқа қанағат» атты пьесасын аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары сахналады. «Ленин жолы» газеті жариялаған байқауда «Белгісіз содаттың баласы» атты көлемді мақаласы жүлдеге ие болды.

Осындай тұма талант иесінің «Балтабай ақын айтыпты» деген ұтқыр сөздері халық арасында кеңінен тараған. Соның бір-жарын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Шаппа сөзге жүйрік Балтекең ағамыз өткен ғасырдың сексенінші жылдары шығармашылығы толысқан шағында Алматыдағы кітап баспаларының біріне болашақ кітабын тапсыру үшін және баспада кезек күтіп жатқан жинағының қашан шығатынын білмек болып оңтүстіктегі астанаға барады. Серілеу мінезді ақын пойыздан түскен соң алдымен жерлесі, баспалардың бірінде қызмет атқаратын жазушы досына барып, келген шаруасын айтады. Екеуі кітап шығару мәселесі жайлы ақылдасып, кеңеседі. Одан соң Балтекең досына:

-Сен менің жағдайымды жақсы білесің, менің қалтамда қаржы үнемі бола бермейді, болса ретсіз жұмсап қоямын. Жолаяқты көре жатармыз, қазір ауылдан әкелген базарлықтан ауыз тисейші,-дейді.

-Апырмай, базарлық дейсің-

ау, жақсы лебіз екен,-дейді қуақы жазушы досы. -Мұның да жөн сөз. Жолаяққа дейін біраз күн бар. Бұйырса оныда көре жатармыз. Базарлық деп дікіндеп қоймай тұрсың. Әрі біраз нәрсенің жөнін білетіндігіңді аңғартасың. Ал, алға түс...

Екеуі кабинеттен бірге шығады.

-Ал, енді қайда барамыз? Мен Алматыңды жөнді білмеймін ғой. Бұл қалаға келмегеніме біраз жылдардың жүзі болды. Оңаша отырып әңгімелесіп, ішіп-жейтін орын болса, бас сұғайық,-дейді Балтекең көшеге шыққан соң құрдасына қайта-қайта қарағыштап.

-Е, ішіп-жейтін орынды табамыз. Оған қам жеме. Тек ішіп жеуді қалтаң көтерсе болғаны.

-Енді ауылдан келгенім бүгін ғана емес пе?

-Онда анау биік үйді көрдің бе, соған барамыз. Оны «Қазақстан» қонақ үйі дейді. Естуің бар шығар. Ішінде тәуір дәмханасы бар.

-Е, қонақ үйді сырттай білемін ғой. Анда-санда Алматыға келгенде сырынан көріп жүрмін. Бірақ соның ішіне кіру ойға келмепті.

-Кіріп көрмесең, қазір кіреміз...

Балтекең досы екеуі дәмханадан тамақтанып алып, бір-жар жүз грамды тамақтан өткізіп жібергеннен кейін көңілденіп сала береді. Жерлесіне күлімсірей қарап, «мынау жұмақтың нағыз өзі ғой», -деп жан-жағына бажайлап зер салып тамсана түседі. Сонда сыралғы досы:

-Бұл жер жұмақ емес, тозақ. Жұмақ деп жоғарғы қабаттағы буфетті айт,-дейді.

-Онда сол жұмағыңа да бір бас сұғып шығайықшы. Жақсыны көрмек үшін...,-дейді көңілді ақын.

Екеуі жоғарғы қабатқа көтеріліп, буфетке келеді. Жұмақ десе дегендей буфет көз тартарлық екен. Мұндағы ішімдіктердің де, басқаларының да бағасы тым қымбат. Бұл әріптесін сыйлап жүрген ақынның қалтасына едәуір салмақ салса керек. Сонда Балтабай:

-Молдеке-ай, жұмағыңнан тозағың жақсы екен. Енді көп уақыт оздырмай төменге түсейікші,-депті қалжыңдай сөйлеп.

Ақын аға ауылдасы екеуі тойға барып, біраз дүниені ішке қондырып, шаршаңқырап бірге қайтады. Аялдамаға келіп автобусты күтсін кеп. Алайда жолаушы таситын көлік жуық арада келе қоймайды. Автобусты күте-күте тәзімі таусылған Балтабай жанындағы ауылдасына: «Осы аялдамаға жақын жерде туыс ініміздің үйі бар еді. Келесі көлік келем дегенше сол үйге барып шай ішіп шығайықшы. Тойда шаршап қалыппын.»-дейді. Ауылдасы оған келісе кетеді. Содан екеуі Балтекеңнің інісінің үйіне келеді. Үйінде інісі болмағанымен келіншегі бар екен. Мектепте мұғалім болып қызмет атқаратын ақжарқын мінезді, келімді келген келіні қонақжайлылық та-

нытып, жадырай қарсы алып, «төрлетіңіздер», -деп оларды төрге оздырыпты.

-Келінжан асығыспыз. Өзіміз тойдан шықтық. Тамақ әзірлеп әуре болмаңыз. Шөлдегесін асығыс шай ішіп шығайық,- деп ауылдың автобусына үлгерейік деп бұрылғанымыз ғой-дейді Балтекең.

-Аға, шәй қазір дайын болады. Келіні бөлмеден шығып кетеді. Ол самаурынға су құйып, оған шоқ салып болып, балаларын көрші үйге жүгіртіп, шөлмек іздестіреді. Онысы көпелімде табыла қоймай біраз уақыт кідіреді. Одан ас әзірлеп болып, төргі бөлмеге дастархан жаю үшін қайта кіреді.

Автобустың келетін уақыты жақындап, оған дейін шай әзір болмаған соң шыдамсызданып, өзі тойдан шығып көңілді отырған Балтекең келінін көрген соң:

-Келін шырағым, автобустың келетін уақыты болып қалды. Біз асығыс едік. Егер ыстық шайың дайын болмаса, суық шәйіңді әкеле берші. Біз тездетіп кетейік,-дейді.

-Аға-ау, ыстық шай әлдеқашан қайнап дайын тұрған. Сол суық шайы табылмай, соны іздеп біраз кідіргенім. Қазір бәрі дайын болады. Екі шайды да бірден әкелем. Автобусқа да үлгересіздер ағалар...

-Әй, өзіме ұқсаған әзір жауап келін болдың ғой,-деп Балтекең кеңк-кең күле беріпті.

Балтабай аға екеуіміз редакцияның бір кабинетінде отырамыз. Ағамызға түрлі себептермен адамдар жиі жолығып, келіп, кетіп жатады. Бірде қаладағы кәсіптік-техникалық училищенің қызметкері Алдоңғар есімді азамат Балтекеңді оңашалап алып, сөйлесіп кеткен. Сол жігіт бір аптадан соң қайта келіп, «Балтеке аға, әнеүкүнгі жұмыс не болды»-деді. Балтекең жайбарақат «болады ғой», -деді. Содан Алдоңғар күн аралаты тағы келді. Сәлемдесіп болған соң «Балтеке аға, жұмыс бітті ма», -деді. Балтекең «болады ғой» деді тағы да жайбарақат. Содан інісі: «Балтеке, болатын болса соны айтшы. Директордың алдында өтірікші болдым», -деді қиналып. Ақын ағамыз сонда ғана інісінің жүзіне аңтарыла қарады.

-Алдоңғар, кабинеттен шығып кеткен соң Балтекең іле-шала маған қарап: «Мына жігіт маған не жұмыс тапсырды екен. Соны есіме түсіре алмай отырғаным. Соны өзінен сұрап білші. Мен маған оның не жұмыс тапсырғанын өзінен сұрауға ұялып отырмын. Маған келген сайын «Болды ма» дейді. Оны өзінде естіп жүрсің. Өзінің қиналып тұрған жайы бар»-деді.

Мен Алдоңғармен сөйлестім. Мән-жәйді айтып, Балтекең не өтінішпен келгенін сұрадым...

-Ойбай, Балтеке, менің тапсырмамды есіңізден шығарып алғансыз ба?,-деді Алдоңғар апалақтап,-Училищеде өтетін кештің сценарийін өлеңмен жазып берем деп едіңіз.



ЗЕРІП ТӨБЕ

Ертеректе Сталин, Ленин, кейіннен «Құмжиек» деп аталған аудандағы іргелі шаруашылықта алпыс жылдан астам уақыт Зеріп Оразаққызы есімді анамыз шопан болды. Еліне ерен еңбегімен сыйлы, тәжірибелі, еңбекқор анамы әуелі колхоз, кейіннен совхоздың басшылары да, басқалары да құрметтейтін болған. Себебі, ол қытымыр қыста да, басқа уақыттарда да мал шығынына жол бермеген. Қарамағындағы отарын өріске ерте шығарып, іңір қараңғысына дейін бабымен жайған. Мезгілімен суғарып, жайылымдық жерлерді де таңдай білген. Ит, құсқа да қойларын алдыра бермеген. Көбіне отарды түйе мініп бағатын болған. Қой жаюдың шебері екенін әлі күнге дейін оның көзін көргендер тамсана әңгімелеріне арқау етіп жүр. Отарындағы қойлары күйлі, ерен еңбек иесінің уақытпен санаспайтындығы өзгелерге үлгі болған. Қойдан жүн қырқу, төлдетуде де алдыңғылар қатарынан көріне білген. Күйеуі Мүбиін 1947 жылы 42 жасында аяқ астынан қайтыс болады.

Ұлжан, Ұлбосын, Бибіш есімді қыздарымен Алуадин, Сайлау, Рахат есімді балдарымен жастай жесір қалған Зеріп ана ұл, қыздарына әкесіз өскенін сездірмеу үшін

аянбай еңбек етіп өмірін еңбектен өре білген жан. Ашаршылық зұлматын, колхоздастыру кезеңін, Отан соғысының қиыншылығын бағынан өткерген қайсар, өжет ана ұл-қыздарын ешкімнен кем қылмай еңбек сүйгіш, қарапайым етіп тәрбиелейді. Қазіргі кезде олар бір-бір отбасының басшысы және отаналары болып отыр.

Кеңес заманында қойшыларды күздеуден қар жаумай қыстауға көшірмейтін. 1967 жылдың қараша айының аяғында Зеріп ананың үйін Қуандарияның жағалауына жақын «Қышан» деп аталатын қыстауға автокөлік жүргізушісі көшіріп апарып, жүктерін ескі тамның алдына түсіреді де асығыс кетіп қалады. Ұл -қыздарының бәрі колхоз орталығындағы интернатта және Жаңақазалы кентіндегі үлкен қыздарының үйінде оқуда. Қолындағы Сайлау есімді баласы май шамға керосин сатып әкелуге 10 шақырым жердегі «Моншақ» елді мекеніне атпен итін ерітіп кетіп қалады.

Күн батуға таяу жапалақтап қар жауа бастайды. Зеріп ана арса-арсасы шыққан ашық-тесік бопырдан соғылған баздың кетік-құтығын түзеп қой қамауға дайындайды.

Бағымындағы бір отар қой базға жақын жерде жайылып жүреді. Кенеттен қойлар үркіп дүрлігеді. Тәжірибелі шопан жұмысын тастай сала қойларға қарай айқайлап жүгіреді. Екі қасқыр отарды екі жағынан төбеге қарай айдап қуып барады. Қапелімде қасқырларға тойтарыс беретін қолына ештеңе де түспеген соң аяғындағы екі керзі етігін шешіп алып, кезек-кезек қасқырларға лақтырып жан ұшыра айқайлайды. Жерде қар, күн болса өте ызғарлы, сонда да күздің қара суығын елемей колхоздың малы үшін бар күшін салып бағады. Құдай оңдап төбенің арасындағы айдау жолдан бір автокөлік шыға келеді. Автокөлік жүргізушісі мына жағдайды көре сала машинасының дыбысын бепілдетіп, жылдамдықты жоғарылатып, түз тағыларынан отарды қорғап, қасқырларды қырат төбелерден асырып қуады. Соның өзінде қасқырлар бір семіз қойды шабынан жарып және үш, төрт қойды жарақаттап кетіпті.

Отарды қорғап қалған сол кездегі Ленин колхозының жүргізушісі Әнәпия есімді жігітпен әкесі Қыпшақ болатын. Олар сексеуіл отынын алып қайтуға келе жатқан еді.

Әкелі – балалы екеуі Зеріп анаға көмектесіп, қойларын қораға қамасады. Ескі тамның ішіне үй мүліктерін кіргізіп, от жағысып, қасқыр қарнын жарып кеткен қойды сойып, ет асып жеп сол үйде тынығады. Түннің бір уағында келген Сайлауды анасы өзің кеткеніңмен тұрмай итті неге ертіп кеттің, - деп ұрысады.

Бұл Зеріп ананың қой бағын жүргендегі тіршілігінің бір ғана көрінісі.

«Майлыбас» бекетінен 20 шақырым жерде «Ақтамшық» деп аталатын шопандар жайлауымен бұлағы бар. Сол жерден бес шақырым жерде «Зеріп төбе» деп аталатын биік төбе бар. Өйткені Зеріп анамыз көп жыл бойы сол жерді жайлаған. Төбенің ылди жағында бірнеше жерде Зеріп ананың үйінің жұрты, қой қамаған жаздық қораларының орны жатыр. Шопандар қауымы сол жерді, сол төбені «Зеріп төбе» деп атайды. Қажырлы да, қайратты еңбек майталманы бақытын шопан болудан тапқан, еліне сыйлы күйеуіне 1994 жылы 93 жасында өмірден озды. Мәңгілік мекені «Көбек төбе» қорымынан бұйырды. Қабірінің басында үлкен дарақ сексеуіл өсіп тұр. Ал «Зеріп төбе» болса сол жермен жүргендердің есіне Зеріп ананы түсіретін ескерткіш іспетті.

БАЛА КҮНІМДЕГІ МЕН ІСТЕГЕН «ҚЫЛМЫСТАР»

Аллаға шүкір, қазір Пайғамбар (с.ғ.с) жасынан бір мүшел жастан астам өмір сүрдім. Енді қаншама ғұмыр кешетінімізді Жаратушы Иеміз біледі. Жас ұлғайған сайын өткен күндерді, әсіресе жастық шағымда қандай қателіктерге жол бердім, арқаалаған күнәларым көп шығар деген ойлар мазалайды. Имандылық үйінде қызмет істеп жүрген соң барған жерімізде және жаназа намаздарында қарыз ең кешірілмейтін күнәларға жататындығын кеңінен айтамыз. Өзіміздің біреуден қарыз алып бере алмай кеткен кездерім бар ма деген сұрақтар пайда болады.

Бәрімізде бозбала болдық, жас болдық. Жастайымнан анам о дүниелік болып жоқтықтың зарын тартып өстім. Әркімнің үйлерінде, интернатта, кәсіп-техникалық училищенің жатақханаларында жатып оқыдым. Оқушылар мектеп буфетінен, дүкендерден жейтін, ішетін тәттілерін алып ішіп-жеп жатқанда мен байғұс ондайларға зар болатынымын. Ақшалы балаларды көріп қызығатынымын әрі осыларда арман бар ма екен деп ойлайтынмын.

1965 жылы болу керек, совхоз орталығындағы клубта

концерт болатын болды. Айтып отырғаным Қазалы қой совхозы ғой. Концерт бағасы оқушыларға 50 тиыннан екен. Мен де ақша жоқ. Интернатта жататын оқушылардың көбісі шопандардың балалары. Бәрінің ақшасы бар Ахметов Төремұрат деген менен екі сынып жоғары оқитын шопанның баласының клуб кассасынан концертке билет алып жатқанын байқадым. Төремұраттан 50 тиын сұрадым. Каникулға барғанда ауылдан 50 тиынның әкеліп беремін деп те жалындым. Бірнеше күннен кейін каникул басталды. Ауылға барып интернатқа қайтып келдім. Бірақ Төремұрат қойшының баласы маған берген 50 тиынын сұрамады. Мен тиынын сұрамағанына қысылып жүрдім.

Бір бөлмеде интернатта Оңғаш деген оқушы жатты. Ол да қойшының баласы. Костюмінің қалтасындағы блокноттан күнде үш сомдықтың екеуін суырып алып бізге көрсетіп санап қояды. Алты сом қомақты ақша болатын. Менде де сондай ақша болса екен деп қызығамын.

Бір күні сырттан бөлмемізге келсем Оңғаштың костюмы киім ілгіште ілулі тұр. Бөлмеде ешкім жоқ. Бәрі де сыртқа

ойнап кеткен болулары керек. Оңғаш блокнотын өзімен бірге алып кеттіме екен деп костюмінің ішкі қалтасын қарап едім, ішінде алты сом тұр. Жалма жан үш сомын алдым да үш сомын орнына салып қойдым. Үш сом мен үшін көп ақша. «Алпар» елді мекенінің баласы, интернатта бірге жататын Қабылбекті ертіп алып дүкеннен екі ет концерві, бір көмеш нан алып дария жиектегі теплоход ішіне кіріп алып екеуміз тамақтанып алдық.

Оңғаш кешкісін интернатқа келіп үш сом ақшасын алған адамның әке, шешесінен боқтады. Тағы бірде киім ілгіште Құдайберген деген баланың сырт киімі ілулі тұр екен, қызық көріп киіп көрдім. Маған дегендей әрі киюге ыңғайлы жаңа екен. Екі қалтасына қолымды салдым. Отыз тиын бар екен. Оны да дүкенге барып жұмсап жібердім. Бірақ Құдайберген отыз тиынын іздеген жоқ.

Осы күні ойлап отырсам, бәрі де кісі ақысы, әрі ұрлап алсамда қарыз алғандай күнәлі іс екен. Арада алпыс жылдай уақыт өтсе де сұрастырсам Төремұрат та, Оңғаш та, Құдайберген де тірі екен.

Ағайындарынан сұрастырып

бірінші Төремұратты таптым. Ол Алматы облысы, Еңбекші қазақ (Есік қаласы) ауданында тұрады екен. Телефонын тауып алып баяғы елу тиынын алғанымға қайта-қайта кешірім сұрап, атына бес мың теңге салып ризашылығын алдым. Төремұратта түсіністікпен кешірімін беріп риза көңілімен рахметін айтты. Ал Оңғаш болса Төретамның бергі жағындағы №102 бекетте тұрады екен. Қай жылы өзім үйіне іздеп барып, жағдайды түсіндіріп, үш сомның орнына он мың теңге төлеп ризашылығын алып қайттым. Ал Құдайберген Байқоңыр шаһарының іргесінде «Ақай» аулында тұратын болып шықты. Оның баяғы отыз тиынының орнына бес мың теңге төлеп жағдайды түсіндіріп едім. Ол менімен құшақтап, төс қағыстырып кешірімін беріп, бес мың теңгенің екі мың теңгесін өзіме жол пұлға жұмса деп алмағанымға қарамай өзіме қайтарып берді.

Қазіргі кезде Алла Тағала балалық кездерімдегі білместікпен істеген күнәларымды кешіре гөр деп әр намаздан соң дұғадамын.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі,
Әйтеке би кенті**

БАЛТАБАЙ ТӘЖІМБЕТОВ ТАЛАНТТЫ АҚЫН ЕДІ

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

-Е, сол ма тапсырма. Оның жарасы жеңіл ғой. Қазір-ақ бір-екі сағатта дайындап беремін. Тек, асай-мүсейінді әкеліп беріп кет. Мен күнде келгенге маңызды тапсырмамен жүр ме десем,-деп ақын ағамыз рахаттан күлді.

Сол күні сценарийді әзірлеп Алдоңғардың қолына ұстатты.

Әріптес ағамыз редакцияның тапсырмасымен «Бозкөл» совхозына іс-сапармен барады. Мал фермаларын аралап, төл алу науқанының барысымен танысып, газетке материал дайындамақшы болады. Мал мамандары мен басқалары газет тілшісін құрметтеп, сыйлап қонақ етеді. Ақкөңіл ағамыз ауыл адамдарының пейіліне риза болады.

Бірнеше күн өткеннен кейін Балтекең автобус аялдамасында тұрса әнеукүнгі қонақ еткен адамдардың бірі автобустан түсіп кетіп бара жатады. Балтекең жанынан өтіп бара жатқан інісін шақырып амандасайын десе, есімі есінен шығып, мүлде ұмытқан. Содан «Әй көз көрген, қашан келдің Бозкөлден», - деп інісіне дауыстап тіл қатады. Әлгі кісі дауыс шыққан жаққа мойын бұрып қарап тұрады да ақын ағасын бірден таниды. «Балтеке аға, отбасыңыз аман ба?» деп құшақтай амандасады.

Жетіскен Мәкенәлиев замандасымыз өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында аудандық «Ленин туы» газетінің редакциясына қызметке қабылданды. Содан ортамызда Балтабай ағамыз бар бір топ қызметкерлер түскі ас кезінде Жетіскеннің үйінде бас қостық.

Балтекең Жетіскеннің зайыбы Марияшқа дастархан басындағы жігіттерді таныстырып болып, «қарындасым редакцияда көп адам жұмыс істемейді, дені осы жігіттер», - деді. Сонда аңғалдау Марияш:

-Аға-ау, редакцияда біраз адам жұмыс істейді екенсіздер ғой. Мен Жетіскеннің күні-түні шимайлап қағазға әлденелерді жазып отырғанына қарап, редакцияда бір өзі істейтін шығар деп ойлап едім дегені.

Тауып айтылған ұтымды жауапқа риза болған Балтекең «қарындасым өзі солай екен-ау, әй өзіме ұқсаған қарындасым екенсің» деп ырық-ырық күліп, қарындасына табан астында шығарған мақтау өлеңдерін арнап жіберді.

Бірде сол кездегі облыстық «Ленин жолы» газетінің бөлім меңгерушісі, журналист –жазушы Айжарық Сәдібеков ағамыз Қазалыға іс-сапармен келіп, ақын досы Балтабай

Тәжімбетовтың үйінде қонақ болып, оны Қызылорда қаласына шығарып салу үшін Темір жол вокзалына келдік. Сол кезде «Ақ Төкең» атанып кеткен, Төлеу ағамыз вокзал бастығы. Билет жайын қамдап, өтініш айтқанбыз. Бірер сағаттан кейін хабарласыңдар деп шығарып салды.

Балтекең вокзалда отырғанша жақын жерде қайынағамның үйі бар. Сонда демалып қайтып келерміз деп бастырмалатып қоярда қоймай қайын жұртының үйіне жетелеп апарғандай болды. Ақеден азамат еді ғой ақын ағамыз. Шалқып жүретін. Қай жергеде баса кимелеп кіріп баратын.

Сауда саласында лауазымды қызмет атқаратын Қарасай аға құрметтеп қарсы алды. Өзінің жиналысқа бара жатқанын айтып, бір інісіне қонақтарға қызмет көрсетуді міндеттеп те кетті.

Дастархан үстінде аз-кем ішілген ішімдіктің қызуы болар ақын ағамыз бізге қызмет жасап жүрген балдызын таныстырғанда ақындық шабытының, бойдағы қызуының әсері болар анайылау құрған ұйқасымен үшеуімізді дүр сілкінтті.

Ақын аға жазушы Айжарық досына балдызын былай таныстыра бастап еді.

Мынау менің балдызым,

Жақандағы жалғызым.

Апасының байқамай,

Жарып алдым қарбызын.. дегенде жас жігіт орнынан тұра жөнелді. Әйтеуір төртеуімізден басқа адам жоқ еді, абырой болды.

Досының ұйқасының анайылау шыққанын ерсі көрген жазушы-журналист Айжарық Сәдібеков ағам Балтабайды «құрттың, құрттың» деп төмпештей жөнелді. Несін айтасың ақын ағамыз кейде осылай анайылау асып та, тасып та айтатын. Сөйтсе де күлкіге қарық болғандар оны кінәлап жатпайтын. Ақынның еркелігіне саятын. Ақынын еркелеткен елі кейде осындай ерсі ісінеде кешіріммен қарайтын.

Республика жұртшылығына танымал ақын не себептен екені белгісіз 1991 жылы Жамбыл облысының Байзақ ауданына қоныс аударды. Аудандық мәдениет бөлімінде қызмет атқарды. Ол шығармашылығымен Жамбыл өңірінің жұртшылығына да кеңінен танылды.

Әріптес болып, сыйласып қызмет атқарған дарынды ақын, талантты журналист, мәдениет қызметкері Балтабай Тәжімбетов 2003 жылы өмірден озып, мәңгілік мекені Жамбыл өңірінен бұйырды. Асыл азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдасы болсын дейміз.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНАН УЛАНУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерге қатысты жану оқиғалары көбеюде. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында мынадай жұмыстар атқарылуы тиіс:

1) жылыту пештері кемінде үш айда бір реттен;
2) үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар кемінде екі айда бір рет тазартылуы тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер кемінде айына бір рет тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;
2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің (ошақтың) алдына жақын орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу кезінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынды.

ЕГЕР:

-Көмірдің иісін сезсеңіз, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

- ал пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

ЖЫРЛАРЫМ –СЕЗІМ СЫРЛАРЫМ

Қашақбай Пірімов ауылдық клубы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ақын, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Рүстем Ідірұлы Жанайдың 80 жылдығына арналған «Жырларым-сезім сырларым» атты аудандық көркем сөз оқу шеберлерінің байқауы өткізілді. Байқауға ауылдық жерлерден 13 талапкер қатысты. Шарарда аудандық орталықтандырылған кітапхананың әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Зоя Мұстафаева, ауылдың ардагер кітапханашысы, зейнеткер Пархот Жұмагүл және №92 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қанатбаева Жанаттың қазылық етуімен бас жүлдені Абай аулынан Амангелді Айару иеленсе, бірінші орынды Мұратбаев аулынан Сәбит Еркеназ қанжығасына байлады. Екінші орындарды Қ.Пірімов аулынан Нұртай Азиза мен Түктібаев аулынан Нұрғалиқызы Гүлбану, үшінші орындарды Жанқожа аулынан Сарсенғали Арайлым, Аксуат аулынан Жаңабай Нұрсезім, және Қазалы қаласынан Теңелұлы Балаби иеленді. Сонымен қатар «Аранды» аулынан «Көрермен көзайымы» аталымына Әнес Дильназ ие болды. Қалған қатысушы талапкерлерге Алғыс хат пен сыйлықтар табысталды.

**Жаннат АҚМЫРЗАҚЫЗЫ,
Қ. Пірімов ауылдық клуб әдіскері**

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.